

**Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданындағы жер учаскесі тұстамасындағы Медведевка өзенінің, оның Артамонов және Ираниха бұлақтары салаларының су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы**

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 458 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 27 қаңтарда № 6706 болып тіркелді

*ЗҚАИ-ның ескертпесі.*

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстау мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануын мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

**1. Мыналар:**

1) осы қаулыға қосымшаға Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданындағы мал бағу және шөп шабу үшін Ж. М. Жүнісовке беріліп отырған жер учаскесі тұстамасындағы Медведевка өзенінің, оның Артамонов және Ираниха бұлақтары салаларының су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданындағы мал бағу және шөп шабу үшін Ж. М. Жүнісовке беріліп отырған жер учаскесі тұстамасындағы Медведевка өзенінің, оның Артамонов және Ираниха бұлақтары салаларының су қорғау аймақтары аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеулері аумағында шектеулі шаруашылық қызметі режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Алтай ауданының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы уәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырсын.

3. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроөнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысы әкімі

Д. Ахметов

" К Е Л І С І Л Д І "

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Экология, геология және табиғи ресурстар  
министрлігі Су ресурстары комитетінің

Су ресурстарын пайдалануды реттеу  
және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік

инспекциясының

басшысы

Қ.

Баймағамбетов

-----  
2019 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Шығыс Қазақстан  
облысы әкімдігінің  
2019 жылғы 25 желтоқсандағы  
№ 458 қаулысына қосымша

### Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданындағы жер учаскесі тұстамасындағы Медведевка өзенінің, оның Артамонов және Ирания бұлақтары салаларының су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері

Су объектілері, оның учаскелері	Су қорғау аймағы			Су қорғау белдеуі		
	Ұзындығы , км	Ауданы , га	Ені, м	Ұзындығы , км	Ауданы , га	Ені , м
1	2	3	4	5	6	7
Ж. М. Жүнісовке беріліп отырған жер учаскесі тұстамасындағы Медведевка өзенінің он жағалауы	1,0	25,4	500	1,0	7,5	75
Ж. М. Жүнісовке беріліп отырған жер учаскесі тұстамасындағы Артамонов бұлағы	4,04	240,7		4,04	38,7	
с о н ы ң Ж. М. Жүнісовке беріліп отырған жер учаскесі						75

тұстамасындағы сол жақ жағалау	жақ жағалау	2,0 4,04	77,3 163,4	224- 500	2,0 4,04	10,0 28,7	
Ж. М. Жүнісовке беріліп отырған жер учаскесі тұстамасындағы Ираниха бұлағы		4,17	185,2		4,17	44,6	
соның ішінде: Ж. М. Жүнісовке беріліп отырған жер учаскесі тұстамасындағы сол жақ жағалау		4,17 1,8	122,2 63,0	350- 700	4,17 1,8	33,8 1,08	75

Ескертпе:

Су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуінің шекаралары мен ені бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК